

Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндірушілерге этил спиртін сату ережелері туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Акцизделетін өнімдерді өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 31 наурыздағы N 42 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 15 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1496. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 439 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2012.09.25 № 439 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Отандық өндірушілер өндірген этил спирті көлемдерінің қозғалысына бақылау жасауды жүзеге асыру мақсатында, "Этил спирті және алкоголь өнімінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Z990429_1999 жылғы 16-шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндірушілерге этил спиртін сатудың қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.

2. Комитеттің аумақтық басқармалары мен акциздік қосындардың қызметкерлері аталған ережелермен қол қоя отырып таныстырылуы керек.

3. Комитеттің аумақтық басқармалары қатаң түрде этил спиртінің осы ережелерге сәйкес сатылуын қамтамасыз етсін және Комитетке этил спиртінің сатылуы туралы есепті ай сайын тапсырсын.

4. Құқықтық қамтамасыз ету бөлімі (А. Лепесбаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін жүргізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау - Комитет төрағасының орынбасары Г. Толқымбаевқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық 2001 жылдың 16 шілдеден бастап күшіне енеді.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М е м л е к е т т і к к і р і с м и н и с т р л і г і

Акцизделетін өнімнің өндірілуі мен айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет төрағасының 2001 жылғы 31 наурыз N 42 бұйрығымен бекітілген

Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндірушілерге этил спиртін сату ережелері

Осы Ережелер этил спиртінің сатылуына және оның алкоголь өнімінің (сырадан басқа) өндірісінде пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асыру мақсатында "Этил спирті және алкоголь өнімінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Z990429_ 1999 жылғы 16-шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін әзірленген.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2010.11.30 № 605 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Алкоголь өнімі өндіруші (бұдан әрі - Алушы) этил спиртін өндіру немесе сақтау және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқы бар және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан субъектіден (бұдан әрі - Жеткізуші) тек осы ережелерде белгіленген тәртіппен этил спиртін сатып алады.

2. Жеткізуші этил спиртін сатуды дүйсенбіден бастап жұма аралығында күнде жергілікті уақыт белдеуі бойынша таңертеңгі сағат 10-нан бастап күндізгі сағат 17-ге дейін жүзеге асыруы керек. Этил спиртін жергілікті уақыт белдеуі бойынша күндізгі сағат 17-ден бастап таңертеңгі сағат 10-ға дейін, сондай-ақ мереке, сенбі және жексенбі күндері сатуға тыйым салынады.

3. Осы Ережелер бойынша этил спиртін сатуға Жеткізушінің спирт қоймасынан өлшеуіштермен спиртті көлікке, құбырға құюы, белгіленген құжаттарды ресімдеуі және аталған көлікті этил спиртімен өз аумағынан ж о н е л т у і ж а т а д ы .

4. Этил спиртін алушы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Акцизделетін өнімнің өндірілуі мен айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеттің өзі орналасқан жердегі аумақтық басқармасына (бұдан былай - Басқарма) этил спиртін алатын уәкілетті тұлғалар туралы мәліметті тапсыруға міндетті.

Тапсырылатын мәліметтердің тізіміне мыналар кіреді:

- жұмысқа қабылданғаны және қызметке тағайындалғаны туралы бұйрықтардың түпнұсқалары;

- этил спирті алатын уәкілетті тұлғалардың, сондай-ақ алатын адамның бірінші басшысының немесе бірінші басшы міндетін атқарушының қолдарының ү л г і л е р і ;

- тұратын жері, төлқұжаттардың нөмірлері, сериялары мен берілген даталары, төлқұжаттардың көшірмелері туралы уәкілетті органдардың анықтамалары.

Аталған мәліметтер өзгерген жағдайда спиртті Алушы бір күндік мерзімде бұл туралы Басқармаға хабарлауға міндетті.

Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Акцизделетін өнімдерді өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитет төрағасының 2001 жылғы 27 қарашадағы N 207 б ұ й р ы ғ ы м е н . V 0 1 1 6 9 4 _

5. Мәліметтер мөрмен және бірінші басшының немесе бірінші басшы міндетін атқарушы болып тағайындалғаны туралы бұйрықтың түпнұсқасын тапсыра отырып, бірінші басшы міндетін атқарушы тұлғаның қолымен расталуы к е р е к .

6. Басқарма тапсырылған мәліметтердің немесе уәкілетті тұлға туралы Алушы мәліметтері өзгерістерінің дұрыстығын тексеріп, бір күндік мерзімде құжаттардың көшірмесін жолдама хатпен бірге Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Акцизделетін өнімнің өндірілуі мен айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетіне (бұдан былай - Комитет) жібереді.

Басқарма спиртті Жеткізушілердің бірінші басшыларына этил спирті алуға уәкілетті тұлғалардың тізбесін жеткізеді.

7. Сату кезінде этил спирті тасымалдау белгіленген тәртіппен тексерілген автоцистернамен және (немесе) теміржол цистернасымен, сондай-ақ аралық фланецтерсіз құбырлармен жүзеге асырылуы керек.

2. Спиртті сату тәртібі

8. Спиртті сату үшін оны Жеткізуші мен Алушы өзі орналасқан жердегі Басқармаға құрамында мынадай ақпараты бар хабарламаны жіберуге міндетті:

1) Жеткізуші - Алушы туралы, спирттің сұратылып отырған көлемі мен сатылу датасы, Алушының этил спирті алуға жіберілген уәкілетті тұлғасы, көлік түрі, сондай-ақ автоцистерна болған жағдайда көліктің мемлекеттік нөмірі т у р а л ы ;

2) Алушы - Жеткізуші туралы, сатып алынатын көлем мен көліктің жіберілу датасы (теміржол цистерналары үшін - жүкті тиеуге қойған мерзімі), этил спирті алу үшін Жеткізушіге жіберілген уәкілетті тұлға, этил спирті автоцистернамен жеткізілген жағдайда жүргізушінің аты-жөнін, тегін, көліктің мемлекеттік нөмірі мен көліктің техникалық құжатының мәліметтері әрі

Жеткізушіден басталатын сапар барысында спирттің сақталуын қамтамасыз ету үшін қарастырылған шаралар.

Этил спирті құбырмен тасымалданғанда Жеткізуші мен Алушы тиісті Басқармаларға сұратылған және босатылған көлем, спирттің сатылу датасы мен уақыты туралы, сондай-ақ Алушының этил спиртін алу үшін жіберілген уәкілетті тұлғасы туралы хабарлайды.

Алушы мен Жеткізуші бір тұлға әрі бір аумақта орналасқан болса, онда уәкілетті тұлға туралы мәліметтерді тапсыру талап етілмейді.

Жоғарыда аталған хабарламалар мөрмен әрі Жеткізуші мен Алушының бірінші басшыларының немесе бірінші басшы міндетін атқарушы болып тағайындалғаны туралы бұйрықтың түпнұсқасын тапсыра отырып, бірінші басшылардың міндетін атқарушы тұлғалардың қолы қойылып бекітілуі керек.

Ескерту: 8-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Акцизделетін өнімдерді өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитет төрағасының 2001 жылғы 27 қарашадағы N 207 бұйрығымен. V 0 1 1 6 9 4 _

9. Басқарма спиртті Жеткізуші мен Алушының кіретін хабарламалары мен мәліметтерінің тізілімін жүргізуді жүзеге асырады.

10. Жеткізуші этил спиртін сатуды акциздік қосын қызметкерлерінің қатысуымен ғана жүзеге асыруы керек.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.15 № 370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

11. Этил спиртін теміржол цистернасымен сату уәкілетті тұлғаның төлқұжаты мен этил спиртін босату туралы Жеткізуші басшысының немесе бірінші басшы міндетін атқарушы тұлғаның өкімі жазылған жалпы белгіленген сенімхат акциздік қосынның қызметкеріне көрсетілгеннен кейін жүзеге асырылуы керек.

Этил спирті автоцистернамен тасымалданғанда, жоғарыда аталған құжаттардан басқа жүргізушінің жеке куәлігі, көліктің техникалық төлқұжаты мен автоцистернаның метрологиялық салыстырып тексеру актісі көрсетіледі.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.15 № 370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

12. Акциздік қосынның қызметкері Жеткізуші мен Алушының хабарламаларында көрсетілген мәліметтердің осы Ережелердің 4-тармағына сәйкес Алушы тапсырған мәліметтерге өзара сәйкестігін, сондай-ақ автоцистернаның метрологиялық салыстырып тексеру актісін (этил спиртінің құбырмен тасымалдануынан басқа жағдайларда) тексеруі керек және олар сәйкес келген жағдайда этил спиртін сатуға қатысады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.15 № 370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

13. Басқарма аталған тізілімдерде этил спиртінің сатылу әрі келіп түсу датасын және уақытын немесе осы Ережелердің 19-тармағына сәйкес этил спиртіні сатуға тыйым салу туралы шешім қабылдауға мәжбүр еткен негіздерді көрсетеді.

Этил спиртіні сатуға тыйым салу туралы шешімді Басқарма жазбаша түрде белгіленген этил спиртінің босатылу датасынан әрі оның сатылу уақытынан (құбырмен тасымалданғанда) кешіктірмей Жеткізушіге хабарлайды.

14. Этил спирті бар көлік Жеткізуші аумағынан белгіленген нысандағы акциздік қосынның белгісі қойылған көліктік жүкқұжат жазылған күні шығып кетуі керек.

15. Жоғарыда аталған көліктік жүкқұжатқа әрбір цистерна үшін этил спиртінің сапасы туралы белгіленген нысандағы құжаты қоса берілуі қажет.

16. Этил спиртіні алкоголь өнімін өндіретін (сырадан басқа) жерде қабылдағаннан кейін Алушы бір күндік мерзімде өзі орналасқан жердегі Басқармаға көлемін көрсете отырып этил спиртіні алғаны туралы хабарлауы керек.

17. Этил спирті сақталатын спирт қоймасы резервуарларының қол жететін жерлері күн сайын сағат 17-ден таңғы сағат 10-ға дейін, сондай-ақ сенбі, жексенбі және мереке күндері жабылып, оны акциздік қосынның қызметкері Жеткізуші қызметкерінің қатысуымен пломбалауы керек.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.15 № 370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

18. Этил спиртіні сатуға байланысты осы Ережелерде көрсетілмеген этил спиртіні қабылдау, сақтау, босату, тасымалдау және есепке алу тәртібі мен жүзеге асыру тәсілі қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілуі керек.

3. Этил спиртіні сатуға тыйым салу жағдайлары

19. Этил спиртіні сатуға тыйым салынады:

1) егер Жеткізуші (Алушы) тарапында этил спиртіні (алкоголь өнімін) өндіру қызметімен айналысуға тыйым салатын және/немесе этил спиртіні (өндіру үшін этил спиртіні сатып алынатын алкоголь өнімінің түрі) өндіру лицензиясы күшінің мерзімін тоқтата тұратын соттың шешімі бар болса;

2) Жеткізуші мен Алушының хабарламаларында көрсетілген мәліметтердің

өзі орналасқан жердегі Басқармаға тапсырған мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ автоцистерна жүргізушісінің жеке куәлігі, көліктің техникалық төлқұжаты мен автоцистернаның метрологиялық салыстырып тексеру актісі іс жүзіндегі мәліметтерге сәйкес келмеген жағдайда;

3) Жеткізуші мен Алушы этил спиртінің бұрын сатылған және алынған көлемдерін декларацияларда көрсетпеген жағдайда;

4) Жеткізушінің және (немесе) Алушының заңды тұлғасы қызметті тоқтатқанда, қайта құрылғанда немесе таратылғанда, атауын өзгерткенде;

5) Жеткізушіден тасымалдау барысында Алушы этил спиртінің сақталу шараларын қолданбаған жағдайда;

6) осы Ережелердің 17 тармағына сәйкес салынған пломбаны санкциясыз бұзған жағдайда;

7) Жеткізуші және (немесе) Алушы осы Ережелерді бұзған жағдайда.

20. Этил спиртіні сатуға қатысудан бас тартқан жағдайда, Басқарма осы шешім туралы жазбаша түрде үш күндік мерзім ішінде барлық Жеткізушілерге, тиісті Алушыларға, облыстық салық комитеттеріне, Астана және Алматы қалаларының салық комитеттеріне хабарлайды.

21. Жеткізуші және (немесе) Алушы 19-тармақта көрсетілген себептерді жойған жағдайда этил спиртіні сату жалпы негізде жүргізіледі.

5. Қорытынды ережелер

22. Жеткізуші және Алушы этил спиртіні сатуға тыйым салу туралы шешімге байланысты Басқарма және акциздік қосынның әрекетіне Комитетке немесе сот органдарына шағым жасауға құқылы.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2011.07.15 № 370 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

23. Басқарма мен акциздік қосын қызметкерлеріне, Жеткізуші мен Алушыға этил спиртіні сатудың осы Ережелерін бұзғаны үшін заңнамада белгіленген жауапкершілік жүктеледі.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.